

Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 2015 жылы көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 39/236 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда N 3064 болып тіркелді

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі заңының 18-бабы

8-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімі мәлімдеген қажеттілікті ескере отырып Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты

Ш Е Ш І М :

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2015 жылы жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы өтініш берген с ә т т е н б а с т а п ұ с ы н ы л с ы н .

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2015 жылы тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін маманмен өтініш берілген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау өтініш берген сәттен бастап ұсынылсын.

3. Осы шешімнің 1, 2-тармақтарының күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының сессия төрағасы	Ю. Метринский
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының Хатшысы	Т. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК